



Alıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓĞAI AJARY

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Aqtogai aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylım

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 40 (7982) 22 қараша, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



«Қарағанды
журналистикасын
дамытуға қосқан
үлесі үшін»

* Президент реформасы – өміршең өзгерістер

Заманауи үрдістерге жол

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы ауқымды реформалар мен оң өзгерістерге негіз салып, тың мүмкіндіктер мен заманауи үрдістерге жол ашты. Жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыру жолы ел Президентінің Жолдауында да жан-жақты қамтылып, жарқын болашақ құрудағы жасампаз жоспарларымыз бен кешенді бағдарламалар айқындалды.

Әрине, ел дамуындағы айрықша бетбұрыстар әр салада жаңа, креативті шешімдер қабылдауды қажет етеді. Кез келген реформаны іске асырудың кілті ғылым мен білімде екені сөзсіз. Сондықтан, өркениетке

ұмтылған жаңа Қазақстанның кескін-келбетін білімді жастар мен еңбекқор мамандар жасайтыны анық. Бұл орайда, Жолдау мектептен кейінгі білім беру жүйесіне жаңаша талаптар мен жауапты міндеттер жүктеп отырғанын түсінеміз.

«Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі. Бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы әріптестік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі», – деді Президент. «Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында

тұруы керек. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады». Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл сөзі оқытушы, ұстаздар арасында күнделікті басшылыққа алынып, білім алушы жастарға түсіндіріледі. Жолдаудағы Президент тапсырмасына сәйкес келешекте ел тұтқасы болатын жастардың сапалы білім алып, кәсіби маман санатына қосылуына бар күш-жігеріміз бен тәжірибемізді жұмсаймыз.

Г.Нұрмағанбетова,
Ақтоғай аудандық
аграрлық-техникалық
колледжінің мұғалімі.

Жастардың болашағы жарқын

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауында отандастарымыз, соның ішінде ел жастары үшін аса маңызды мәселелерге тоқталды.

Қазір елімізде кейінгі толқынның әлеуметтік-мәдени бейімдеу мәселелерін шешу және жастардың бәсекелік қабілетін дамыту өзекті болып отыр. Бұл ретте жастардың жұмысқа орналасуы басты назарда. Осыған байланысты Мемлекет басшысы тиісті шараларды жүзеге асыруды тапсырды. Мұның негізгі шешімі кәсіпкерлікпен айналысу екені анық.

– Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді, – деді Президент. Президент жастар мәселесін әркез назарда ұстап келеді. Өскекең ұрпаққа қатысты маңызды мәселелерді көтеріп, қалыптасқан жағдайды ашық айтады. Айтып қана қоймай, пайда болған мәселенің шешу жолын да ұсынады. Бұл қадам, ең алдымен, жастар арасындағы жұмыссыздықты жоюға серпін беретіні сөзсіз. Президенттің бұл ұсынысын қолдаймын. Себебі, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау

кәсіп ашқысы келетін жастарға үлкен көмек болады. Сондықтан, мемлекет жастарға беретін мүмкіндікті шектемегені жөн. Жастарды жұмыспен қамту мәселесін бір емес, бірқатар ведомство қолға алуда. Оларға түрлі ақыл-кеңес беріп, бірқатар жобаларға грант бөледі. Жеке кәсібін бастағысы келген жастарды оқытады. Яғни, бұл бағытта бұрыннан бері жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жалпы, бұған дейінгі жылдарда жастар саясатына қатысты жүйелі іс-тәжірибе қалыптасқан. Жолдауда ұсынған реформалардың барлығы жаңа жағдайда еліміздің дамуына тың серпін беретін озық әрі дер кезінде қолға алынған шараларды қамтыған. Жолдау еліміздің одан әрі дамуының бағытын айқындайды. Ел экономикасының дамуы қашанда қарапайым тұрғындардың әл-ауқатының өсуінен көрінеді. Ал, тұрғындардың әлеуеті ең әуелі олардың табыс көлемінің артуына байланысты екені анық. Жолдау жүктеген міндетке сай алдағы уақытта бұл мәселе де біржақты болуы тиіс. Президент Жолдауы шеңберінде алда атқарылар жұмыс көп, ол бойынша іс-шаралар жоспары жасалатыны да заңды. Жолдаудың әр сөзі халыққа керекті мәселелерді қамтиды. Еліміздің тағдыры – біздің тағдырымыз, еңсесі биік, тұтқасы берік еліміздің алға қойған мақсаттары орындалады деп сенемін.

Р.Аманкелдіұлы,
Аудандық жастар ресурстық
орталығының маманы.

Құрметті ауыл еңбеккерлері,
ауыл шаруашылығы саласының
ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту жолындағы қол жеткен табыстарымызда ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі орасан зор. Нарықтық қоғамның қиындықтарына мойымай, ата кәсібіміз – ауыл шаруашылығын өрлеті отырып, аудан экономикасының дамуына өздеріңіздің үлестеріңізді қосып келесіздер.

Ауыл шаруашылығы саласы тамақ өнімдерін өндіру, ауыл шаруашылығы шикізаттарын беру арқылы халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, олардың өмір сүру жағдайы мен сапасын реттеп келеді. Ұзақ жылдар еселі еңбек етіп келе жатқан сіздер әлі де алда болып, еліміздегі ауыл шаруашылық саласын өркендетудегі саликалы саясатты ойдағыдай жүзеге асыра отырып халықтың хал-ахуалының жақсаруына зор үлестеріңізді қоса беретіндеріңізге сеніміміз мол.

Құрметті сала қызметкерлері!

Бар өмірін туған жердің дамуына арнап жүрген сіздерге ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарты отырып, табысты еңбек пен төккен тердің жемісін көруге тілектеспін! Өңіріміздің дамуы мен шаруашылықтың шыңдалуы жолындағы еңбектеріңіз абыройлы болсын. Дендеріңізге саулық, бақыт, отбасыларыңызға береке, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Ақтоғай ауданының әкімі
А.Аманжолов

Аудандық мәслихаттың
төрағасы Р.Әбеуов



AQTÓĞAI AJARY

2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық,
ауылдық бөлімшелері және Kaspi
GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03
Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 теңге.
1 жылға – 4914,60 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 теңге.
1 жылға – 5914,56 теңге.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

aktogai_red@mail.ru

[Aktogai_ajary](https://www.facebook.com/a.ajary.kz)

www.facebook.com/a.ajary.kz

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай
ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы, Айыртас, Қусақ ауылдық округітері бойынша сайланған әкімдерді тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9 тармақшасына, 45-бабына, 113-11 бабының 1 - тармағына сәйкес, 2024 жылғы «17» қарашада өткен Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы, Айыртас, Қусақ ауылдық округітерінің әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік, аудандық сайлау комиссияларының хаттамаларының негізінде Ақтоғай ауылы, Айыртас, Қусақ ауылдық округітерінің әкімін Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы тіркеді.

Ақтоғай ауылы бойынша

Керімбай Ерден Мәрленұлы, 1994 жылы туған, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылының тұрғыны, сайлауға дейін «Ақтоғай СУ» ЖШС директоры қызметін атқарған, (тіркелген күні: 21.11.2024 жыл).

Айыртас ауылдық округі бойынша

Боран Ардақ Серікұлы, 1968 жылы туған, Қарағанды облысы Қарағанды қаласының тұрғыны, сайлауға дейін «Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-нің бас маманы қызметін атқарған (тіркелген күні: 19.11.2024 жыл).

Қусақ ауылдық округі бойынша

Рахимжанова Назгул Жаксылыкқызы 1980 жылы туған, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қусақ ауылдық округі Қошқар ауылының тұрғыны, сайлауға дейін «Қусақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы қызметін атқарған (тіркелген күні: 19.11.2024 жыл).

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

* Мемлекеттік қызмет

Қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді

Көрсетілетін қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіру және заңбұзушылықтарды жою мақсатында жүргізілген жоспардан тыс тексерулер нәтижесінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді.

Мәселен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша берілген бас тартумен келіспейтіндігі туралы қызмет алушы шағым білдірді.

Департаментпен жүргізілген бақылау шарасының нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негізсіз екендігі анықталып, қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтірілді.

Құрметті қызмет алушы, егер Сіздің құқығыңызды бұзу фактісі орын алса Департаментке келесі мекен-жай бойынша жүгінуге болады: Қарағанды қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 39. Байланыс нөмерлері 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83 кеңсе нөмірі.

С. Амангельдинова,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

* Құқық заңнамасы

Куәліктің көшірмесін қалай алуға болады

Азаматтың туу фактісін растайтын туу туралы куәлік маңызды құжаттардың бірі болып табылады және оны әр адам өмір бойы мұқият сақтау керек. Кейде көп құжаттардың арасында куәлік табылмайтын жағдайлар кездесіп жатады. Сондықтан, жоғалған туу туралы куәлікті қалай қалпына келтіруге болатындығын білу маңызды.

Заңнамада жоғалған құжаттарды қайта алу тәртібі қарастырылған. Азаматтық хал актілері саласындағы заңнамаға сәйкес куәліктің көшірмесін мына адамдар ала алады: кәмелетке толған азаматтар өздері үшін; заңды түрде кәмелетке толмаған азаматтың мүдделерін білдіретін адамдар; қайтыс болған адамның жақын туыстары; ата-аналар немесе қамқоршылар; сенімді тұлға; мемлекеттік органдардың ресми өкілдері.

Басқа тұлғалар, сондай-ақ өз баласына деген ата-ана құқығынан айырылған ата-аналар қайталама туу туралы куәлікті ала алмайды.

Көбінесе куәлік қайтыс болған адамның туыстарына мұра алу үшін қажет. Себебі, өзге құжатта (паспортта немесе жеке куәлікте) туыстық қатынастар

туралы ақпарат көрсетілмейді. Адамның туылғанын растайтын құжатты жоғалту немесе оның бүлінуі осы құжаттың көшірмесін алу үшін қалпына келтіруге негіз болып табылады. Егер құжат бүлінсе және одан белгілі бір мәліметтерді оқу мүмкін болмаса (мөрі оқылмайтын болса), оны ауыстыру қажет. Бұл жағдайда ХҚКО қызметкерлеріне бүлінген құжатты ұсыну керек.

Жоғалтқан үшін айыппұл төлеу заңда қарастырылмаған. Алайда, кез-келген жағдайда, құжатты қалпына келтіргенде мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін мемлекеттік баж төлеу керек (1 АЕК мөлшерінде).

Қайда барып қалпына келтіруге болады? Қайталама куәлікке бірнеше жолмен тапсырыс беруге болады.

Олар:

- 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы;
- 2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады;
- 3) Шетелден қайталама куәліктерді немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамаларды сұратқанда

* Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Мұғалімдер бейне сабақтар өткізе алады

Қарағанды облысында кейінде 106 ауыл мектебі жоғары жылдамдықты интернетке қосылды. Бұл туралы педагогтарға арналған облыстың тамыз конференциясында мәлім болды. – Кең жолақты интернетке қолжетімділік балалардың тұрғылықты жеріне қарамастан ауылдық жерде немесе қалада болсын, сапалы білім беру контентін алуда кең мүмкіндіктер ашады, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев. Сонымен қатар, өңір мектептерін компьютерлендіру төрттен бірге ұлғайды. 9 мың заманауи компьютер сатып алынғанын да айта кеткен жөн. Жабдықтарды жаңарту Қарағанды облысындағы мектептерге заманауи технологияларды енгізуге мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде Digital matematika және BilimTest жобалары іске асырылуда. Жасанды интеллектті қолданатын цифрлық платформалар оқушыны оқытуда тиімділігін байқатуда. Мысалы, Digital matematika оқушыларға тақырыптарды өз бетінше үйренуге, практикалық тапсырмаларды орындауға, білімдегі олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді. Интерактивті жүйе екі тілде жұмыс істейді. BilimTest мобильді қосымшасы болса, әртүрлі сынақ тест және пайдалы оқу материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Биыл ElSkills жобасын іске қосу жоспарлануда. Ол мұғалімдерді басқалардың эмоцияларын тануға және өз эмоцияларын басқаруға үйретпек. – Облыс бойынша бізде 410 мектеп бар. Оның 106-сында интернет жылдамдығымен мәселелер болды. 20 мамырдан бастап, олар SpaceX компаниясының Starlink технологиясы бойынша кең жолақты интернетке

қосылды. Жобамен барлығы 8,5 мыңға жуық бала қамтылды, – деді ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасы басшысының орынбасары Мейіржан Жұмаханов.

Биыл облыста Көкпекті жалпы білім беретін мектебінде спутниктік жүйенің артықшылықтары ерекше бағаланды. Бұл оқу орны интернет жылдамдығы небәрі 8 Мбит/с дейін төмен болған мектептердің бірі еді. – Starlink 25 мамырда орнатылды. Мүмкіндік аясын кеңейтті. Біздегі төрт информатика кабинетінде 100 компьютер бар. Бұрын төмен жылдамдыққа байланысты бір мезгілде барлығын жұмыс істетуге үшін интернетке кіру мүмкін болмаған. Мұғалімдер қазіргі таңда кез келген цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланып, көп күтпестен бейне сабақтар өткізе алады, – деді Көкпекті орта мектебінің директоры Гаухартас Жаймина. Жабдық жиынтығына мектеп төбесінде орнатылған спутниктік антенна, сондай-ақ, бірінші қабаттағы штатив пен маршрутизатор кіреді. Барлық сыныптарда жергілікті желі орнатылды. Жалпы, мектептердегі Starlink технологиясы ауылдық жерлерде талшықты-оптикалық байланыс желілері орнатылғанша жұмыс істейді. Алдағы уақытта «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы бойынша елді мекендерге талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жалғасады. Бұл ауыл мектептеріндегі интернет жылдамдығын барынша арттыруға көп мүмкіндік.

Аяулым СОВЕТ,

Материал:«[Ortalyq Qazaqstan](http://Ortalyq.Qazaqstan.kz)» сайтынан алынды.

№ 1 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

№ 1 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Бейсенбеков Мирас Сабыровичтің өмірбаяны

Бейсенбеков Мирас Сабырұлы – 1991 жылы 6 қазанда Қараменде би ауылдық округі Ақтас ауылында туған. 1998-2009 жылдар аралығында Ж.Ақбай атындағы жалпы орта білім беретін мектепті бітірген. 2009-2011 жылдары Қарағанды көпсалалы-гуманитарлы техникалық колледжін ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2012 жылы Ж.Ақбай мектебінде инженер болып бастады. 2014 жылы Қараменде би ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маманы, 2016 жылы Ортадересін ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет атқарды. 2017 жылдан Қараменде би ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып жұмыс жасап келеді. Отбасылы 2 ұл, 2 қызы бар.



Сайлауалды бағдарлама

Ауылымыздың қай жерінде де тұрғындарды толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін. Егер сіздердің таңдауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам:

– Ауыл шаруашылығы бағыты бойынша мемлекеттік бағдарламаларды халыққа дұрыс жеткізілуін, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуіне ықпал жасаймын;

– Білім мен ғылымға салынған инвестиция болашаққа салынған инвестиция болып табылады. Білім сапасын жақсарту үшін мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

– Н.Әбдіров атындағы жалпы білім беретін орта мектебіне жөндеу жұмыстарына бюджет қаражатының бөлінуіне;

– Мектепте бала санының азаюына жол бермеу мақсатында ауылға ынталы азаматтарды тартып, үймен қамтамасыз етуге жұмыс ұйымдастырылуына ықпал етемін;

«Бірінші байлық – денсаулық» дейді халқымыз. Денсаулық – кез келген мемлекеттің, ұлттың даму деңгейіне өлшем болатын индикатордың бірі. Денсаулық, медицина саласында кезек күттірмейтін мәселе аз емес. Азаматтардың жоғары стандартты, сапалы медициналық ем қабылдауына мүмкіндік жасау керек. Сапалы әрі арзан дәрі-дәрмектердің қолжетімді болуы шарт. Ол үшін:

№ 1 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Ошақбаев Сәттар Несіпбекұлының өмірбаяны

Мен, Ошақбаев Сәттар Несіпбекұлы 1968 жылы 24 тамызда Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округіне қарасты Қаратал елді мекенінде дүниеге келдім.

Озерный қонысындағы №3 орта мектеп интернатын бітірдім. Целиноград қалалық қаржы-экономикалық техникумын 1990 жылы, Қарағанды қаржы институтын 2002 жылы «Қаржыгер» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолымды Ақтоғай аудандық мемлекеттік сақтандыру инспекциясында экономист болып бастап, әр салада Ақтоғай аудандық қаржы-бақылау бөлімінің ревизоры, аудандық эконо-мика



комитетінің маманы, Ақтоғай аудандық еңбек және жұмыспен қамту бөлімінде сектор меңгерушісі, 1999-2008 жыл-дары аралығында Ақтоғай ауданы бойынша зейнетақы төлем орталығының маманы, 2008-2024 жылдары аудандық зейнетақы төлем орталығының басшысы, 2024 жылдың 15 сәуірінен «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ Ақтоғай аудандық бөлімінде бас маман, 2024 жылдың 1 қарашасынан бастап «AMANAT» партиясының Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы хатшысы болып қызмет атқарамын.

Отбасылымын, үш балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті ақтоғайлықтар, қадірлі жерлестер!

Егер, Сіздер мені аудандықмәслихат депутаттығына сайлауда қолдасаңыздар:

Ауыл шаруашылығы – экономиканың негізгі қозғаушы күші. Мемлекетіміз ауыл-аймақты өркендетуге басымдық беріп отыр.

Сондықтан;

– Медициналық мекемелер мен дәріханалардың дәрі-дәрмектермен және медициналық препараттармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;

– Денсаулық сақтау саласындағы маман тапшылығы мәселесін шешу үшін жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге;

– Сонымен қатар, барлық ауылдық жерде амбулаториялық бекеттер, фельдшерлік бөлімшелер ашылуына байланысты Нүркен ауылында да ФАП құрылысын салуға ықпал етемін;

Қоғамымыздағы бірегейлікті айқындайтын мәдениетті қалыптастыру және халық саулығын дамыту біздің басты міндеттеріміздің бірі. Сондықтан:

– Ауылдарда мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бюджет қаражатының бөлінуіне;

– Нүркен ауылында балалар ойын алаңын орнатуға бюджет қаражатының бөлінуіне;

Жастар – әрбір мемлекеттің болашағы. Жастарды жұмыспен қамтуды, жастарды ауылдық жерлерге тарту, олардың шығармашылық тұрғыдан дамуын, әлеуетін дамыту үшін жағдай жасалу керек. Ол үшін:

– Ақтоғай ауылында «Coworking center» ашу есебінен жастардың өзін-өзі көрсетуі және шығармашылық дамуы үшін жағдай жасалуына;

– «Дипломмен – ауылға», «Жасыл ел», «Жастар практикасы» мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау;

– «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша ауыл жастарының 2,5% пайызбен несиеге қол жеткізілуіне ықпал етемін;

Ауыл азаматтарының өмір сүру сапасын жан-жақты арттыру негізгі басымдықтардың бірі болып саналады. Осыған орай:

– Ауылдық округ сайлаушыларымен кездесіп, ауылды абаттандыру, көше жарықтарын орнату, ауыл тазалығы, суағарлар салу, т.б. мәселелерге байланысты жұмыстарды жоспарлау және жүзеге асырылуына жұмыстар ұйымдастыру;

– Ақтоғай ауылы, Нүркен ауылы мен Нүркен ауылдық округіне қарасты елді мекендердің қыс айларында жолдардың қардан аршылуын қадағалап, бюджет қаражатының жеткілікті бөлінуіне;

– Ауылдарда тоқ көзінің қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етуге;

Жоғарыда келтірілген тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, еліміздің кемел келешегіне өзімді елі мен жерінің тағдырына алаңдайтын шынайы патриот жас ұрпақтың өкілі ретінде саяси додаға түсіп, бағымды сынап көрмекпін.

Білімім мен өмірлік тәжірибем, күш жігерім жауапкершілігі мол, аманаты зор жұмысты атқаруға жеткілікті деп ойлаймын. Бақ пен бабым бірге шауып, сіздердің таңдауларыңыз маған түсіп, аудандық мәслихатқа депутат болып сайланып жатсам, менің бірінші кезекте басты назарға алатын ұстанымым – маған артқан сенімдеріңізден шығу.

Ондағы мақсатым – ауданымыздың экономикалық-әлеуметтік ахуалын арттырып, аудан халқының рухани-тұрмыстық жағдайын мейлінше жақсартуға шама-шарқымша өзіндік үлесімді қосу.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

– Ауыл шаруашылығы бағыты бойынша мемлекеттік бағдарламалардың халыққа дұрыс жеткізілуіне, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуге ықпал жасаймын;

– Білім сапасын жақсарту үшін мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

– Н.Әбдіров атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің жөндеу жұмыстарына бюджет қаражатының бөлінуіне;

– Медициналық мекемелер мен дәріханалардың дәрі- дәрмектермен және медициналық препараттармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізуге;

– Барлық ауылдық жерде амбулаториялық бекеттер, фельдшерлік бөлімшелер ашылуына байланысты Нүркен ауылындағы ФАП құрылысының сапалы салынуын қадағалауға;

– Ауылдарда мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бюджет қаражатының бөлінуін басты назарда ұстауға;

– Нүркен ауылында балалар ойын алаңын орнатуға бюджет қаражатының бөлінуіне;

– Ақтоғай ауылы, Нүркен ауылы мен Нүркен округіне қарасты елді мекендердің қыс айларында жолдың қардан аршылуын қадағалап, бюджет қаражатының жеткілікті бөлінуіне;

– Ақтоғай-Нүркен тас жолын асфальттауға қатысты тиісті ұсыныстар енгізуге;

– Ақтоғай ауылында 4 деңгейдегі ауыз су тарту жұмыстарының жүзеге асуына ықпал етемін.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

АҚТОҒАЙ АҒАРЫ 22 қараша 2024 жыл

№ 1 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

№ 1 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Серғазы Еркебұлан Серғазыұлы өмірбаяны

Мен, Серғазы Еркебұлан Серғазыұлы 1990 жылы 22 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келдім. 1997 жылы Әлімхан Ермеков атындағы орта мектебіне 1 сыныпқа барып, 2008 жылы 11 сыныпты бітіріп шықтым.

Мектеп бітірген соң 2008 жылы Қарағанды маңызды білім беру «Болашақ» колледжіне «Қаржы» мамандығына түсіп 2010 жылы аяқтадым.

2010-2013 жылы Қарағанды «Болашақ» университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

2013 жылы Шабанбай би селолық округінің әкімі аппаратында жастар ісінің маманы болып еңбек жолымды бастадым.

2014 жылы Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман, 2015 жылы жетекші маман болып қызмет жасадым. 17.11.2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін бас маман болып жұмыс жасаймын.

Отбасылымын.



Сайлауалды бағдарлама

Құрметті сайлаушылар!

Егер сіздер мені алдағы аудандық мәслихат депутаттығына сайлауда қолдасаңыздар:

№ 3 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткердің сайлауалды бағдарламалары

№ 3 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Әзімхан Айзат Мейірбекқызының өмірбаяны



Мен, Әзімхан Айзат Мейірбекқызы 2000 жылы 1 шілдеде Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ.

2006 жылы Шашубай кентіндегі орта мектебінің табалдырығын аттап, 2017 жылы орта білім алып, осы жылы Қарағанды қаласындағы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің философия және психология факультетінің «Мәдени – тынығу жұмысы» мамандығына оқуға түстім. 2021 жылы аталған университетті бітірдім. 2021-2023 жылдар аралығында Түркия мемлекетінде білім алдым. 2024

жылдың 1 қарашасынан Кежек ауылдық округі Ақши клуб үйінде клуб меңгерушісі болып жұмыс атқарамын.

Сайлауалды бағдарлама

Елмен етене араласып жүргендіктен де, ауыл тұрғындары өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін айтып жатады. Сондықтан, ауылдың мәселелерін бір кісідей білемін.

Әрине, ауылда қолайлы орта, тиісті жұмыс орны аз. Сондықтан, агроөнер-кәсіпті дамыту – уақыт күттірмейтін мәселе. Бұл ретте инфрақұрылымдарды жаңарту, жұмыс орындарын ашып, тұрғындардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау қажет.

Жеке қосалқы шаруашылықтарды демеп, оларға Үкімет тарапынан бөлінетін субсидия, жеңілдетілген несие, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер сияқты мемлекеттік қолдау шараларын алуға мүмкіндік беру керек.

Ауылдарымыз шалғайда жатса да, бүгінгі күні жасыл желегі жайқалған, халқы ұйымшыл, біріге атқарса алынбайтын қамал жоқ екенін дәлелдеген. Ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын дөңгелеткен, айрандай ұйып отыр. Сапалы ауыз суы, мобильдік байланыс, жоғарғы жылдамдық интернет, жоғары сапалы білім беретін орта мектеп, күндізгі балабақша жұмыс жасауда. Дегенмен, әлі де атқарылар істер көп. Ауылдарымыздың болашақта қандай жолмен дамитындығы, оның болашағы біздің қолымызда. Бұл жөнінде өз сайлауалды бағдарламамда айтылатын болады. Басты мақсат

– Ауыл іргесін аман сақтап, әрі қарай дамыту. Атап айтқанда, жас отбасыларды мемлекеттік бағдарламалар және материалдық қолдау көрсете отырып ауылға тарту арқылы мектеп оқушылары санын арттыру, кәсіпкерлікті дамыта отырып, жұмыссыздықты жою. Ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту, қой малы басын арттыру, мал азығы дақылдары және көпжылдық шөп егуді қайта

Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына кандидат бола отырып, мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

Атап айтсам:

– Заңда бекітілген тәртіп бойынша тұрғындардың мүддесін қорғап, олардың талап-тілектерін жүзеге асыру. Мемлекеттік бағдарламаның барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;

– Бюджет қорының тиімді мақсатты түрде жұмсалуды қадағалау;

– Ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктермен қаржылай қолдауға, барлық шаруа қожалықтарының толық-қанды қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал жасау;

– Ауылға жас мамандарды (мұғалімдер, дәрігер, ветеринар, т.б.) тарту үшін жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарымен байланыс жасау;

– Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ауылдық жерде ұлттық ат спортын, қысқы спорт түрлерін жандандыруға жан-жақты көмектесу. Балалар ойын алаңдарын, хоккей корттарын ашуға ықпал ету. Балалар мен жастардың спортпен шұғылдануына жағдай туғызу және ұдайы қамқор жасау;

– Ауылды жерден мектеп, клуб үйі, кітапханалардың материалдық техникалық базасын одан әрі жақсарту және қамтамасыз ету үшін тиісті органдарға жеткізу;

– Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін атқарушы биліктің де, ауылдық округтің барлық тұрғындарының да күш-жігерін біріктіру жолында еңбек жасайтын боламын;

– Ауыл тазалығына жіті көңіл бөле отырып, ауыл ішін абаттандыру жұмыстарын жетілдіру үшін ауыл халқын жаппай жұмылдыруға, сырттан демеушілер тарту арқылы көше бойындағы көтерме жолдарды ретке келтіруге, көктемгі су тасқыны кезінде бөгет тудыратын сыртқы көпірлерді қалыпқа келтіру, ауыл ішін жасылдандыру, сол сияқты тұрғылықты халықты ауласында бау-бақшамен айналысуға ықпал жасауға тырысамын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

жандандыру, ауыл шаруашылығы техникалары паркін жаңалауға күш салу.

– Қай салада да жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге төзбестік ахуал қалыптастыру, аудандық бюджеттен бөлінетін қаражаттардың толыққанды өз мүддесіне жұмсалуды қадағалау;

– Аз қамтамасыз етілген отбасыларға қолдау көрсету;

– Шаруа қожалықтарының толыққанды жұмыс істеуіне, олардың субсидия және несиеге қол жеткізуіне ықпал жасау, көмек беру, жағдай туғызу. Сонымен қатар, өзім жұмыс істеп отырған ауылымзда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға техникамен көмек көрсету, басқа да көмегім тиетін жұмыстарға қол ұшымды беру;

– Ауыл жастарының бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуына жағдай жасау;

– Ауыл әйелдерінің тұрмысын жақсарту және олардың жеке кәсіппен айналысуына жол ашу;

– Көпбалалы аналарға көмек көрсету;

– Асыраушысынан айырылған аналарға көмек қолын созу;

– Әйел жұмыссыздығы, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу, зорлық-зомбылық мәселелерін жою жолдары.

Ауылдық округтерді дамыту, экономикалық өрлеу бағытында:

– Ауылдағы мектеп және саябақ алаңдарында ойын-сауық алаңдарын ашу, спорттық жаттығу құралдарымен жабдықтау, ауланы абаттандыру;

– Ауылдарда отандық өнімдерді өндіру жолдарын қарастыру.

– Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін қолдау және мәртебесін арттыру;

– Мал шаруашылығымен айналысатын еңбеккерлерге және шаруашылық қожалықтарына ақпараттық жүйелерді жасай отырып, жеңілдетілген несиелерге қол жеткізу, құжаттарды ресімдеуге кеңес беру;

– Экологиялық таза қоршаған орта қалыптастыру үшін елді мекендерді қоқыс қалдықтарынан арылтып, тұрмыстық жайлылықтарын арттыруға, электр қуаты мен жылу берудің үнемді әрі тиімді соңғы технологиясына көшу жолдарын қарастыруға ықпал ету;

– Тоқырауын өзенінің көркі болып тұрған жасыл желектердің шектен тыс қиылуын тоқтатып, қалпына келтіру мақсатында тал көшеттерін жоспарлы түрде егуді қолға алу.

Сайлаушыларыммен жиі кездесіп, олардың ой-пікірлерімен бөлісіп, көкейкесті, түйткілді проблемаларына назар аударып, шағым-арыздары мен талап-тілектерін аудан аймағындағы құзырлы органдар мен жауапты мекеме басшыларының және мәслихат депутаттарының алдында мәселе етіп қою менің тікелей депутаттық міндетім деп есептеймін.

Бүгінгі сайлауалды бағдарламада алдымызда тұрған бірінші кезекті жалпыұлттық міндет. Реформаларды жүзеге асыру арқылы біз ұлттық сананы өзгертеміз, отаншылдықты арттырамыз, ел бірлігін нығайтамыз. Тәуелсіздігіміздің тұғырын нықтай отырып, Қазақстанды өркениетті елдер санатына көтереміз. Сондықтан, мен жерлестерімді алдағы сайлауға бір кісідей белсене қатысып, маған дауыс беруге шақырамын!

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

АҚТОҒАЙ АҒАРҒЫ 5 22 қараша 2024 жыл

№ 3 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

№ 3 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Кәрібаев Мейірман Талғатұлының өмірбаяны

Мен, Кәрібаев Мейірман Талғатұлы 1995 жылы 15 қазанда Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келдім.

Еңбек жолымды 2017-2018 жылдар аралығында Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бас маман болып бастадым. 2018-2020 жылдар аралығында Ақтоғай ауданы Жастар ресурстық орталығының директоры болып қызмет атқардым. 2020-2022 жылдары аралығында Кежек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы және 2022-2024 жылдары аралығында



Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы ретінде қызмет жолымды жалғастырдым. Қазіргі таңда Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы Ақтоғай ауданы филиалының директоры қызметін атқарудамын.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің халықаралық экономика және осы оқу орнының заңгер мамандықтарына ие болдым.

Отбасылымын, екі балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті сайлаушылар!

Кежек ауылдық округінде қызмет атқарған уақытта ауыл халқымен етене жақын жұмыс істеп, халықтың көкейтесті мәселелерімен танысуға мүмкіндік алдым.

Осы тұрғыда, халық таңдауымен депутаттыққа сайланған жағдайда осы кезеңге дейін жинаған тәжірибем мен біліктілігімді ауыл тұрғындарының әл-ауқатын, тұрмыс-тіршілігін жақсарту үшін жұмсаймын.

Менің іс-әрекеттерім тек осы бағдарламамен шектелмей, сіздердің ұсыныстарыңыз бен талап-тілектеріңізді ескере отырып, заңды құқықтарыңыз бен мүдделеріңізді қорғауға арналатынына сендіремін.

Қоғамның басты байлығы – адам, оның өмірі мен қауіпсіздігі, сондықтан

№ 3 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Өміржанова Назерке Уалиқызының өмірбаяны

Мен, Өміржанова Назерке Уалиқызы 1994 жылы 8 мамыр күні Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келдім. 2014 жылы Ақтоғай аудандық аграрлық-техникалық колледжін аяқтап, еңбек жолымды аудандық газеттің редакциясында корректорлықтан бастадым.

2019 жылдан қазіргі уақытқа дейін аудандық Жастар ресурстық орталығының бас маманы болып еңбек етіп келемін.

Сайлауалды бағдарлама

Жаңа Қазақстан бастамасының бір ұстанымы – билік жүргізгенде халықтың ойы мен пікірін ескеру деп санаймын. Сондықтан да, мен өзімнің жастық жалынды жігерім мен жастармен етене араласып жүрген тәжірибемді ескеріп, Ақтоғай аудандық мәслихаты депутаттығына сайлауға түсуге бел будым. Сіздердің қолдауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам, халықтың ой-пікірін, талап-тілегін билік назарына жеткізуге бар күшімді саламын. Депутаттыққа өз кандидатурамды ұсына отырып, ауыл тұрғындары алдындағы үлкен жауапкершілікті терең түсінемін. Ауылдық округ тұрғындарын және ауылдағы өзекті мәселелерді біле отырып, депутат ретінде ауылдық округ әкімі аппаратымен, жұртшылықпен және кәсіпкерлермен бірлесе жұмыс істеу және ауыл өміріне белсенді қатысу үшін өз бағдарламамды ұсынып отырмын.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Ақтоғай ауданында мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға қызмет жасайтын боламын:

1. «Ауыл – халық руханиятының діңгегі, мәдениетінің мәйегі, елдігінің бастауы, дәстүрінің кайнар көзі». Сондықтан, алдағы уақытта депутаттық мандатымды пайдалана отырып, елді мекен тұрғындарының жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс атқаратын боламын.

2. Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер ісі кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып,

өз округімдегі сайлаушылардың мұң-мұқтажы мен талап-тілектеріне көңіл бөліп, Қазақстан Республикасының заңнамалары аясында қолдау көрсетемін, бұл ретте:

– Ауыл халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының көтерілуіне ауыл-дастарыммен бірігіп жұмыс жасап, олардың үнін тиісті орындарға жеткізуге дәнекер болу;

– Ауданға жастар тұрақтану үшін «Дипломмен ауылға» бағдарламасы негізінде жергілікті жерге білікті, білімді мамандарды тартуға ықпал жасау;

– Кәсіпкерлікті дамыту мен мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде несие берудің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыру, сол арқылы жұмыс орнындарының ашылуына ықпал жасау;

– Аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайын нығайту мақсатында өмір сүруге жайлы орта құру тұрғысында: таза ауыз су, көше шамдары, ауыл іші жолдарына жөндеу жүргізу жұмыстарына атсалысу;

– Еңбек ардагерлерінің, зейнеткерлер, көп балалы отбасылар мен жастардың әлеуметтік қорғау мәселелерін шешуге көмек көрсету;

– Ауыл бюджетінің кіріс бөлігінің ұлғаюына үлес қосып, оның ауыл тұрғындарының игілігі үшін мақсатты және тиімді түрде жұмсалыуына ықпал ету;

Менің сайлауалды бағдарламам – ауылымыздың әрбір тұрғынының әл-ауқатын арттыру бойынша алдағы уақытта атқарылатын нақты істер бағдарламасы.

Сайлау алдындағы уәделерді орындау нәтижесінде инженерлік-коммуникациялық, тұрғын-үй және жол инфрақұрылымдарының өзекті мәселелері шешіледі, медициналық қызмет көрсету, білім беру және басқа да салалардың сапасы жақсарады.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді атқарушы билікпен бірлесе отырып шешуге болатындығына көзім жетеді. Алдағы саяси додаға түсіп отырған маған қолдау көрсетерсіздер деп ойлаймын. Таңдауларыңызды дұрыс жасайтындарыңызға сенімдімін.

Сайлауалды бағдарламаны іске асыру арқылы біз ауылымыздың дамуына және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға қол жеткізетін боламыз.

Сіздерді дұрыс таңдау жасауға және алдағы сайлауда менің кандидатурамды қолдауға шақырамын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізу. Жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу.

3. Ел экономикасының негізгі құрушысы – шағын және орта кәсіпкерлік. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға баса назар аударылатындығын айтқан болатын. Бизнесті алға бастыруда нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған бағдарламаның берері мол. Осы мақсатта ауылдық жерлерде төменгі пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.

4. Шаруа қожалықтарының жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, қолда бар мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында кооперативтер құру.

5. Шалғай ауылдың негізгі тірегі мектеп болғандықтан, мектептің тұрақты жұмыс жасап, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге ықпал жасау.

6. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі балалардың тәрбиесіне мән бере отырып, олардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

7. Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру.

8. Ауыл мәдениетінің дамуына, елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.

Талбесігіміз Тоқырауын өзенінің көркі болып тұрған жасыл желектердің шектен тыс қиылуы, түрлі өсімдік ауруларына шалдығу нәтижесінде апатты жағдайда тұруы алаңдатады. Аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған жағдайда, менің басты қолға алатын істерімнің бірі – осы Тоқырауын өзені бойындағы жасыл желекті қалпына келтіру мақсатында тал көшеттерін жоспарлы түрде егуді қолға алу бастамасын көтеру болмақ.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді атқарушы билікпен бірлесе отырып шешуге болатындығына көзім жетеді. Алаштың ақиық ақыны Мағжанша айтсам, «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін...» дегендей, алдағы саяси додаға түсіп отырғаннан кейін, маған қолдау көрсетерсіздер деп ойлаймын.

Сайлана қалған жағдайда бар күш-жігерімді ауылымыздың экономикалық және әлеуметтік өркендеуіне бағытталған реформаларды жүзеге асыруға жұмсайтын боламын.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

AQTOĞAI AJARY 6 22 қараша 2024 жыл

№ 7 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

№ 7 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Бекіш Берікбол Тілекұлының өмірбаяны



Бекіш Берікбол Тілекұлы 1998 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген.

Ақтоғай аудандық аграрлық-техникалық колледжін тәмамдаған. 2015-2016 жылдары Отан алдындағы борышын атқарды. 2016 жылы Ақтоғай ауданы дене шынықтыру және спорт бөліміне әдіскер нұсқаушы мамандығы бойынша қызметін бастап, 2024 жылдың тамыз айына дейін қызмет атқарды, 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақтоғай аудандық балалармен жасөспірімдер спорт мектебінде оқытушы, жаттықтырушы қызметін атқарып

келеді. Республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері, жауынгерлік самбодан республикалық және облыстық жарыстардың жеңімпазы, бокстан аудан, облыс жеңімпазы, ауданымыздың бірнеше дүркін жеңімпазы спорт шеберлігіне үміткер атағын иеленген.

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті сайлаушылар!

Менің Туған жерім, кіші Отаным мен үшін аса қымбат әрі киелі Ақтоғай жері. Осы мекенде менің көңілді де шаттыққа толы, уайымсыз да бейкүнә балалық шағым өтті. Енді, эне-міне дегенше сүрлеу-соқпағы көп өмірдің үлкен белесіне аяқ бастым. Мен – жас қыранмын алға ұмтылған. Жасқыран үлкен мамандық иесі, өмір атты керуеннің бір жолаушысымын. Қалаған мамандығымның соңына түсіп, өмір-керуен қайда жетелесе – сонда жол тартып келемін. «Сен де бір кірпіш, дүниеге кетігін тап та бар қалан» деп қазақтың дара тұлғалы ақыны Абай атам айтпақшы, өмірден өз орнын тапқан дұрыс қой. Ауданымызда еңбек етіп жүрген жастардың аз емес екені мәлім. Алайда, қандай мамандық, қандай еңбек жолы болсын өзіндік қиыншылықтарға толы. Мысалы, спорт саласы бұл сала біреуге қарапайым, тым жеңіл болып көрінсе бұл мамандықтың да өзіндік ауыртпашылығы аз емес. Ауданның спорты бір қалыпты ұстап тұру, аудан жастарын спортқа баулу, дені сау ұрпақ тәрбиелеуде үлкен жұмыстар талап ететіні ақиқат.

«Ауыл – халық руханиятының діңгегі, мәдениетінің мәйегі, елдігінің бастауы, дәстүрінің қайнар көзі». Сондықтан, алдағы уақытта депутаттық мандатымды пайдалана отырып, елді мекен тұрғындарының жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс атқаратын боламын.

– Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер ісі кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізу. Жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу;

– Өскелең ұрпақ арасында тегін қызмет көрсететін спорттық секция, зал, алаңша мен үйірмелер ашуға қол жеткізу;

– Түрлі марафондар, кішігірім жарыстар, ауданымызға еңбегі сіңген спорт ардагерлерін еске алу мақсатында мезгіл мезгілімен додаларды ұйымдастыру;

– Ауыл жастарын ауданымыздың атақты спортшыларымен кездесулер және ашық жаттығулар өткізіп, аудан жастарын спортқа қызығушылығын арттыру;

– Егер қоғамымыздағы әр азамат өз құқығын өзі қорғауға әрекет жасай алмаса, жемқорлықпен күрестің қай түрі болмасын, өз жемісін бере алмайтыны белгілі. Сондықтан, халықтың құқықтық сауатын көтеру мақсатында, тегін құқықтық кеңестер беретін кеңсе немесе бюроларды ашу мәселесін көтеру;

– Білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру;

– Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға, заңды құрметтеуге және оның сақталуына бағытталған мәселелерді қолдау, қоғамдық тәртіп мәселелерін тиімді шешу;

– Ауылдарда мал шаруашылығы саласын асылдандыру жұмыстарының жүйелі дамуына ықпал жасау, пайдаланылмай жатқан жер аумақтарын нақты шаруа адамының иелігіне беруге ықпал ету, ауылдық жерлерде жазғы дала өртінің алдын алуға, жергілікті әкімдерді арнайы өрт сөндіретін техникалармен қамтамасыз ету үшін, заңдылығына қарай қаржы қаратуға ықпал жасау;

– Зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, көпбалалы аналар мен аз қамтылған отбасылардың Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес әлеуметтік қорғалуына жағдай жасау;

– «Ел болашағы – жастар» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, жастарды тәрбиелеу ісіне тұрақты көңіл бөлу, жастар саясатын дамыту, жас мамандарды ауылдарға тарту;

– Аудан жастарының бойындағы патриоттық рухты ояту бағытында тарихи маңызды жерлерді, атақты тұлғаларды жастарға кеңінен насихаттау, білікті мамандардың тәжірибесіне сүйене отырып, өлкетану бағдарламасын жүзеге асыру;

– Елді еңбекпен қамтудың негізгі бір діңгегі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға және сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне атсалысу.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

№ 7 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Елеген Шыңғыс Мұратұлының өмірбаяны

Елеген Шыңғыс Мұратұлы 1994 жылы 24 тамызында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғарғы. 2014-2017 жылдары аралығында Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2017 жылдың ақпан айынан бастап Жастар ресурстық орталығының бас маман болып бастап, 2021 жылдың 12 қаңтарынан бастап Жастар ресурстық орталығының директоры болып қызмет атқарып келеді.



Сайлауалды бағдарлама

Халықтың аманат жүгін аркалап, зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін. Егер сіз маған сенім білдіріп, біздің аудандық мәслихатында өз өкіліңізді сайласаңыз, онда мен өзіме нақты міндеттер қойып, оларды шешуге тырысамын:

– Ауылымыздың тұрғындарының проблемалық мәселелерін шешуде жанжақты қолдау көрсету;

– Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы проблемаларды шешуге қол жеткізу;

– Медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту;

– Зейнеткерлерге, ардагерлерге, мүгедектерге, тұрмысы төмен отбасыларға және көп балалы аналарға үнемі көмек көрсетіп, бақылауда ұстау;

– Заңнамаға сәйкес халықты жұмыспен қамту мәселелеріне жәрдемдесу;

– Ауылымыздың аумақтарын абаттандыруға, көгалдандыруға жәрдем көрсету;

– Коммуналдық шаруашылық саласындағы проблемаларды шешу – жылумен жабдықтау, электр желілерін жабдықтау және де қажетті техникалармен қамтамасыз ету;

– Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бөлінген бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылау жүргізу;

– «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел», «Жастар практикасы» мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау;

– Ауыл шаруашылығы бойынша асыл тұқымды шаруашылықтардың дамуына күш саламын.

– Ауыл жастарының бойындағы патриоттық рухты ояту бағытында тарихи маңызды жерлерді, атақты тұлғаларды жастарға кеңінен насихаттауға;

– Демеушілік көмек арқылы ауыл ішіндегі өнерлі жастарға, талантты спортшыларға, дарынды оқушылардың түрлі жарыстарға, конкурсқа қатысуына;

– Білік пен қоғам арасында тұрақты байланыс орнату арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бойынша жұмыстар атқарамын;

– Барлық салалар бойынша экономика мен әлеуметтік салаларды дамытуда инвестиция тартуды жүргіземін;

– Мал шаруашылығының өркендеуіне, шаруа қожалықтары мен жеке тұрғындардың мал бастарының көбеюіне және сапалы ветеринариялық ахуалдың қалыптасуына барлық жағдайды жасап, шаруа қожалықтарының толыққанды жұмыс істеуіне, олардың субсидия және несиеге қол жеткізуіне ықпал жасау, көмек беру, жағдай туғызу;

– Жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтасқан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту;

– Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті басымдықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналдыра отырып: денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің мүддесін қарауға ықпал етуге;

Туған елімізді өркендетуге, тұрғындарды игілікті істерге бастауға қабілетімді жұмсай отырып, жұмыс жүргізуге өздеріңізді сендіремін.

Депутат ретінде халықтың жағдайын жоғарғы деңгейге көтеруде өзімнің бар жауапкершілігіммен қызмет етемін.

Заман талабы өзгеріп, көшіміз түзелетін шақта депутат болып сайлансам, осы жұмыстарды атқаруға және ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын қорғайтын боламын.

Сайлауалды бағдарламаны іске асыру арқылы мен кенттің дамуына және азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға қол жеткізетініне сенімдімін.

Сіздің сеніміңіз бен қолдауыңызға шын жүректен үміттенемін. Сіздердің үйлеріңізге бейбітшілік, жақсылық, бақыт, амандық пен тұрақтылық пен өркендеу тілеймін! Аталған істерді барлығымыз жұмыла жүк көтергендей атсалысып атқарсақ, үлкен жетістіктерге жетеміз.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

№ 7 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткердің сайлауалды бағдарламалары

№ 7 сайлау округі бойынша бірмандаттық Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Құтжан Мұхтар Мәдбекұлының өмірбаяны

Мен, Құтжан Мұхтар Мәдбекұлы 1970 жылы 6 сәуірде Қарағанды облысы, Приозерный ауданы, Сарышаған кентінде дүниеге келдім.

1977-1987 жылдары аралығында Сарышаған кентіндегі орта мектепте оқыдым. Жамбыл қалалық теміржол техникалық колледжін, Орталық Қазақстан Академиясын құқықтану мамандығы бойынша аяқтадым. 1988 жылы желтоқсан айында әскерге шақырылып, 1990 жылы желтоқсан айында әскери борышымды атқарып келдім.

1991-1992 жылдары аралығында «Домуправления» мекемесінде газ маманы болып жұмыс істедім. 1993 жылы «Әскерилендірілген теміржол күзеті» (ВОХР) мекемесіне жұмысқа орналасып, осы аталған мекемеде 2008 жылға дейін қызмет атқардым. Осы мекемедегі 15 жыл еңбек еткен уақыт ішінде бөлімше бастығы қызметін атқардым. Мекеме ұжымы басшыларынан бірнеше мадақтамалар мен алғыс хаттар алдым. 2008 жылы Сарышаған кентінде «Сарышаған локомотив депосы» ТД-19 мекемесіне машинист көмекшісі болып жұмысқа орналастым. 2012 жылы Қарағанды қаласында тепловоз машинисті мамандығы бойынша оқу бітіріп, 2014 жылдан бастап жоғарыда аталған ТД-19 мекемесінде қазіргі уақытқа дейін тепловоз машинисті болып жұмыс істеп келемін. 2023 жылдың 5 тамызында Сарышаған кентінің 70 жыл мерейтойында Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылым даму Министрлігінің «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталдым. 2024 жылы Астана қаласында білім алып, екінші класс машинисті болып мамандығымды жетілдірдім.

Отбасылымын, 4 балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Мен, Сіздердің қалауларыңызбен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам, күш-жігерімді кентіміздің экономикалық-әлеуметтік өркендеуіне бағытталған реформаларды жүзеге асыруға жұмсайтын боламын.



– «Қоғам байлығы – сау ұрпақ» демекші, кентімізде халықтың сұрауы бойынша дене шынықтыру сауықтыру кешені (ФОК) салынып жатыр, оның құрылысының сапалы түрде салынып, халықтың игілігіне қызмет жасауына, оның ішінде өскелең ұрпаққа тегін қызмет көрсететін спорттық үйірмелер ашуға қол жеткізу;

– Кентімізде 2025 жылға су сору қондырғысын орнату жоспарланған, алдағы уақытта жұмыстардың сапалы орындалуын, халыққа тиімді жұмыс жасауын қадағалау;

– Мемлекеттік тұрғын үйді бөлу барысында, алғашқы кезекте басымдық жас отбасылар мен көпбалалы, әлжуаз отбасыларға берілуін басты назарда ұстау;

– Ауылымыздың көркеюі мақсатында кентке жас отбасылардың келуіне, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандардың жұмысқа орналасуына атсалысу;

– Қоғамда, оның ішінде, мемлекеттік білім беру мекемелерінде, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды ұлғайту, сондай-ақ ұжым басшыларын ұжым мүшелерінің арасынан сайлануына қол жеткізіп, азаматтық қоғам құру шараларын іске асыруды бастау мәселелерін көтеру;

– Ауылдан шыққан танымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттауға атсалысу;

– Теміржол көшесіндегі демалыс саябағының аумағын абаттандыруға, оның жедел жүзеге асуын қадағалау;

– Кентте жазғы су құбырын ағымдағы жөндеуді, кәріз жүйелерінің толыққанды халыққа жұмыс жасауын бақылауда ұстайтын боламын.

– Бағдарламадағы ең басты басымдылық – халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. Халыққа қызмет ету – абыройлы міндет, оны әр кезде есте ұстап, осы жолда білімімді, күш-жігерімді, тәжірибемді жұмсайтын боламын.

Туған елімізді өркендетуге, тұрғындарды игілікті істерге бастауға қабілетімді жұмсай отырып, жұмыс жүргізуге өздеріңізді сендіремін. Егер депутат болып сайлансам халықтың жағдайын жоғарғы деңгейге көтеруде өзімнің бар жауапкершілігіммен қызмет етемін, аталған істерді барлығымыз жұмыла жүк көтергендей атсалысып атқарсақ, үлкен жетістіктерге жетеміз. Жетістіктерге бірге жетейік!

Жоғарыда келтірілген тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, еліміздің кемел келешегіне, елі мен жерінің тағдырына алаңдайтын шынайы патриот ретінде саяси додаға түсіп, өзімнің бағымды сынап көрмекпін.

(Материалдың жариялану ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

* Денсаулық

Адам папилломасы вирусы (АПВ) дегеніміз не?

Адам папилломасы вирусы (АПВ) дегеніміз – түрлі органдардың (мысалы, жатыр мойны немесе аногенитальды аймақ) терісі мен шырышты қабығына жұғатын вирус. Кейбір жағдайларда инфекция папилломалардың (сүйел өсінділері) пайда болуына әкеледі. АПВ-ның 200-ден астам типі бар. АПВ-ның 16 типі жоғары онкогендік қауіптілігімен белгілі, олар шырышты қабық арқылы таралады және жатыр мойны обыры мен басқа да қатерлі ісіктерді тудыруы мүмкін.

АПВ-ның әртүрлі типтері әртүрлі ауруларға, соның ішінде қатерлі ісікке, жыныс мүшелерінің сүйелдеріне немесе тыныс алу жүйесінің ауруларына әкелуі мүмкін. Жатыр мойны обырының шамамен барлық жағдайлары, қынап, вульва және жыныс мүшесінің қатерлі ісігінің көпшілігі, сондай-ақ бас және мойын қатерлі ісігінің кейбір жағдайлары АПВ-ның әсерінен туындайды. Жатыр мойны обырының 10 жағдайының жетеуі 16-шы немесе 18-ші типті АПВ-дан туындайды. Жыныс сүйелдерінің 10 жағдайының тоғызы 6-шы немесе 11-ші типті АПВ-дан туындайды.

АПВ вирус жұқтырған адамның терісі, шырышты қабаттары немесе ағзаның сұйықтықтары арқылы тікелей байланыста беріледі.

АПВ адамнан адамға келесі жолдармен беріледі:

1) байланыс-тұрмыстық тәсілмен: АПВ қол алысу, сүйісу, терінің зақымдануы арқылы берілуі мүмкін. Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға, яғни сауналарға, ванналарға, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барған кезде мұқият болу керек.

2) жыныстық қатынас арқылы: Жыныстық жолмен берілетін вирустардың онкогендік түрлері жыныс мүшелерінде орналасатын сүйелдерді тудырады.

3) туылған кезде вертикальды жолмен: Вирус балаға туу каналы арқылы өту кезінде анадан беріледі. Сүйелдер көбінесе нәрестелердің өмірінің алғашқы

жылдарында аузында немесе терісінде пайда болады.

4) өзіне-өзі жұқтыру арқылы: Көбінесе қырыну немесе эпизияция кезінде АПВ дененің бір бөлігінен екіншісіне ауысады.

Бүкіл әлемде АПВ инфекциясы ең көп таралған инфекция болып табылады. Әр адамның АПВ жұқтыру ықтималдығы 80%-ды құрайды, яғни 10 ер адам мен әйелдің шамамен 8-і өмірінің белгілі бір кезеңінде АПВ-ның бір немесе бірнеше типтерін жұқтырады.

Жатыр мойны обыры - әйелдерді зақымдайтын ең көп таралған қатерлі ісіктердің бірі. Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі немесе күн сайын жатыр мойны обырының 5 жаңа жағдайына диагноз қойылады. Бұл аурудан жыл сайын 600-ден астам әйел қайтыс болады немесе басқаша айтқанда, күн сайын екі әйел жатыр мойны обырынан қайтыс болады.

Неліктен АПВ-ға қарсы екпе алу керек? Вакцинация қатерлі ісік тудыруы мүмкін жоғары онкогендік қауіпті АПВ типтерінен қорғайды. Жатыр мойны обырының қаупін АПВ-ге қарсы уақытылы вакцинациялау және жатыр мойнының скринингтік тексерулері арқылы 90%-ға айтарлықтай төмендетуге болады. Ерте жаста вакцинацияланған адам қатерлі ісік тудыруы мүмкін жоғары онкогендік қауіпті АПВ типтерінің көпшілігінен қорғалады.

Жатыр мойны обыры ерте анықталса да, әйелдердің өміріне қатты әсер етеді. Жатыр мойны обырын емдеу қиын және өлімге әкелуі мүмкін.

Қазақстанда 2024 жылдың күзінен бастап 11-12-13 жастағы қыз балаларға адам папилломасы вирусына қарсы вакцинация жүргізілуде. Осы жастағы вакцинация ең күшті иммундық реакцияны қамтамасыз етеді және ерте жаста екпе жасау неғұрлым тиімді болады. Вакцинация егу аралығы 6 ай болатын 2 дозадан тұрады және ата-аналардың қалауы бойынша тіркелген жері бойынша

емханалардың егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі. Вакцинация ақпарат алған ата-аналарының немесе қамқоршыларының келісімімен дәрігердің қарауынан кейін қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда жүргізіледі.

АПВ-ға қарсы вакцинацияның қандай қарсы көрсеткіштері: Егер адамда АПВ-ға қарсы вакцинаның алдыңғы дозасын егуге немесе вакцинаның кез келген компоненттеріне ауыр аллергиялық реакция (анафилаксия) байқалса, АПВ-ға қарсы вакцинация жүргізілмеуі керек.

АПВ-ға қарсы барлық вакциналар ең қауіпсіз және ең тексерілгені болып табылады. клиникалық сынақтар аясында қауіпсіздік пен тиімділікке мұқият тексерілген, АПВ-ға қарсы вакциналар қауіпсіз және тиімді.

Вакцинациядан кейін қандай салдары болуы мүмкін? Вакцинациядан кейін инъекция орнында ауырсыну, қызару не ісіну, бастың ауыруы немесе қызуының шамалы көтерілуі сияқты жеңіл түрдегі ағзаның реакциясы болуы мүмкін. Олар, әдетте, бірнеше сағаттан бір күнге дейін созылады.

Вакцинаның құрамына обыр жасушалары да, адам папилломасы вирусы да кірмейді. Вакцина инактивацияланған, сондықтан оның құрамында тірі вирус жоқ және биологиялық себептерге байланысты қатерлі ісік тудыруы мүмкін емес.

Осылайша, бүгінгі күні жатыр мойны обырының алдын алудың ең тиімді әдісі – АПВ-ға қарсы вакцинация! Сондықтан, мен ата-аналарға дұрыс шешім қабылдауға кеңес берер едім. Ал, дұрыс шешім, ол – жатыр мойны обыры сияқты ауыр кеселден қыздарымызды қорғауға мүмкіндік беретін профилактикалық екпе жүргізу болып табылады.

З.Битанова,

«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.

Хабарландыру

"Gold steppe legacy" ЖШС "Gold steppe legacy" ЖШС үшін блоктарының контурында қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар (ҚОҚБ, ЖРЕШН, ҚББ, ЭББ, ТҚІЖ) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды L -43-32-(10в-5г-10), L-43-32-(10в-5г-4), L-43-32- (10в-5г-5), L-43-32-(10в-5г-9), L-43-33- (10а-5в-1), L-43- 33- (10а-5в-6) (Үшқоңыр) Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында 2024-2029 жылдарға арналған (09.07.2024 ж. № 2749-ЕЛ лицензиясы)

"Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 47.598241 с.е., 75.665617 ш.б.

Учаскенің географиялық координаттары: 1)) 47°40'00" с.е., 75°51'00" ш.б.; 2) 47°40'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 3) 47°39'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 4) 47°39'00" с.е., 75°54'00" ш.б.; 5) 47°37'00" с.е., 75°54'00" ш.б.; 6) 47°37'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 7) 47°38'00" с.е., 75°53'00" ш.б.; 8) 47°38'00" с.е., 75°51'00" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 27 желтоқсанда сағат 10:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы, Абай көшесі, 1а, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRllFcXlZdz09&omn=86471046384>

Конференция идентификаторы: 346 745 3931.

Құпия сөз: YGC0KI

Тапсырыс берушінің деректемелері: "Gold steppe legacy" ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Көк-Төбе ш / а, Жәнібеков к-сі, 109 үй, БСН 240140035708, Директор-Приходько Д. В. байланыстар: тел. +77017223348, e-mail: a_taukenov@mail.ru.

Әзірлеуші мәліметтері: ЖК "Экопроект 2017", Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, көш. Амангелді, 79. өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., көш. Лобода, 20. Телефон: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Открылось наследство после смерти Майкыбековой Айгуль Аубакировны, умершей 25.11.2023 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Объявление

ТОО «Gold steppe legacy» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по Материалы для получения экологического разрешения на воздействие (РООС, НДВ, ПЭК, ПУО, ППМ) для ТОО "Gold steppe legacy" к Плану проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых в контуре блоков L-43-32-(10в-5г-10), L-43-32-(10в-5г-4), L-43-32- (10в-5г-5), L-43-32-(10в-5г-9), L-43-33-(10а-5в-1), L-43- 33-(10а-5в-6) (Ушқоңыр) в Ақтоғайском районе Карагандинской области на 2024-2029 гг. (Лицензия № 2749-ЕЛ от 09.07.2024 г.).

Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Нарманбет Географические координаты территории воздействия: 47.598241 с.ш., 75.665617 в.д.

Географические координаты участка: 1) 47°40'00" с.ш., 75°51'00" в.д.; 2) 47°40'00" с.ш., 75°53'00" в.д.; 3) 47°39'00" с.ш., 75°53'00" в.д.; 4) 47°39'00" с.ш., 75°54'00" в.д.; 5) 47°37'00" с.ш., 75°54'00" в.д.; 6) 47°37'00" с.ш., 75°53'00" в.д.; 7) 47°38'00" с.ш., 75°53'00" в.д.; 8) 47°38'00" с.ш., 75°51'00" в.д.;

Общественные слушания состоятся: 27 декабря 2024 года в 10:00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Нарманбет, ул. Абая, 1А, здание Акимата

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRllFcXlZdz09&omn=86471046384>

Идентификатор конференции: 346 745 3931

Код доступа: YGC0KI

Реквизиты заказчика: ТОО «Gold steppe legacy», Республика Казахстан, г. Алматы, Медеуский район, микрорайон Кок-Тобе, ул.Жанибекова, д.109, БИН 240140035708, Директор – Приходько Д.В. Контакты: тел. +77017223348, e-mail: a_taukenov@mail.ru.

Реквизиты разработчика: ИП «Экопроект 2017», г.Караганда, район им.Казыбек би, улица ул. Амангельды, 79. представитель: Обжорина Т.Н., Контакты: тел.8 (776) 526-31-31, эл.почта: tanya_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20; тел. 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Түзету

Газетіміздің өткен №39 (7981) санындағы 8 беттегі құттықтауда Сәтжан Өміржанұлы деген Өміржан Сәтжанұлы деп түзетіліп оқылсын.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті **Жақсыбекова Жанар (Манар) Ғынайтқызы!**

Сізді 50 жастың шыңына шығып отырған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, отбасыңыздың амандығын тілейміз. Туған-туыс, бала-шаға алдында абыройыңыз әрдайым артып, ақ жаулықты асыл әже болып, өмір жолыңызда жақсылықтарға жете беріңіз. Алла бойыңызға күш-қуат беріп, көрер қызығыңыз еселене берсін.

Құттықтаймыз жайдары жақсы күнмен, Орта толсын туғанмен, шаттық үнмен. Қуанышты ғұмыр кешіп отбасында, Жүзге жет деп тілейміз шын көңілмен.

Ақ тілекпен: Жамансариндер әулеті.



Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, әулетіміздің аяулы келіні, асыл жар, сүйікті жеңге **Сейсембаева Әсем Сайлаубекқызын** 40 жас мерейлі мерекесімен шын жүректен, ақ пейілмен құттықтаймыз.

Үлкенді де, кішіні де бірдей құрметтеп, әр кез төріңнен орын ұсынып, ақ пейіл, ақ жарқын көңіліңмен қарсы алып, шаңырағыңның түтінін түзу түтетіп келесін.

Айтулы жасқа қадам басқан той иесіне ғұмырлы жас, берекелі де мерекелі өмір, әрқашанда шаттыққа толы көңіл күй, немере мен шөбере қызығын қызықтап бақытты да баянды өмір кешуге Алла нәсіп етсін деген тілек тілейміз. Басыңнан бақ, жүзіңнен күлкі, шаңырақтарыңнан қуаныш кетпесін. Туған-туыс арасында мерейің үстем болып, денсаулығыңның арқасында жасыңа жас қосыла берсін. Өрістерің ұлғая берсін.

Асыл тілек айтылсын ақ ниетпен, Бақытты күн көрінсін көкжиектен. Қуаныш тойға ұлассын дей отырып, Құттықтаймыз біз сізді шын жүректен.

Игі тілекпен: анаң – Райхан, жарың– Еркебұлан, апа-жезделерің, бауырларың – Самат-Жангүл, Аманжол-Саягүл, Зәмзәгүл, Руслан-Саламат, Нұрболат-Шырын, Гаухар, Рыскелді, Ағыбай-Ботагөз, Айдар-Нұрсұл, Жасұлан, Әйгерім, Аделья.



Көбейді құт-береке, Құтты болсын мереке, Астық толы қамбамыз. Алтын күзді тойлаймыз.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 880 дана



Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта [aktogai_red @ mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

